



Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2021 жылғы 31 тамыздағы № 16 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 1 қыркүйекте № 24184 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының берілген тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Баға статистикасы департаменті Заң департаментімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Баға статистикасы департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының құрылымдық және аумақтық бөлімшелеріне жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының орынбасарына (Ж. Ә. Жарқынбаев) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Басшы

Н. Айдапкелов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігі

Басшысының

2021 жылғы 31 тамыздағы № 16

Бұйрықпен бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Тұтыну бағасының индексін құру әдіснамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 230 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12955 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" Заңының 12-бабы 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 17-тармағы 26) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұтыну бағасының индексін құру әдіснамасында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бағаларды тіркеу – жалпымемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізу кезінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағалар (тарифтер) туралы алғашқы статистикалық деректерді жинау;";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы Әдіснаманы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі - Бюро) және оның аумақтық бөлімшелері тұтыну тауарларының және ақылы көрсетілетін қызметтердің бағаларына жалпымемлекеттік статистикалық байқау жүргізу және баға индексін құру кезінде қолданады.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. ТБИ-ды байқау саласы";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Іріктемеде қалалық және ауылдық аумақтардың болуы халықтың бөлінуіне, бағалардың өзгерістеріне және шығыстар құрылымындағы ерекшеліктерге байланысты . Қамтуға ірі қалалар (астана, республикалық маңызы бар қалалар, облыс орталықтары) және бағаны тіркеу негіздеріне белгіленген талаптарды ескере отырып, сауда мен көрсетілетін қызметтердің қолданыстағы саласы тұрақты бағалық ақпарат алуды қамтамасыз ететін халықтың басым көпшілігі тұратын аудан орталықтары кіреді. Басқа елді мекендердегі баға өзгерісінің үрдістері белгілі бір уақыт кезеңіндегі ірі қалалардағы баға қозғалысын қайталайды.";

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Сауда объектілерінің қамтылуы сауда жасауға қатысты үй шаруашылықтарының мінез-құлқымен анықталады. Баға тіркеуді аумақтық статистика

бөлімшелерінің тиісті лауазымды адамдары (бұдан әрі – маман) сауда объектілерінде жүргізеді. Үй шаруашылықтары сауда жасайтын барлық сауда объектілері ТБИ қамтылуына енгізіледі және базалық объектілерді іріктеу үшін іріктеменің негізін құрайды.

Базалық объектілердің іріктеме жиынтығына қойылатын негізгі өлшемшарттар – өңірлік және салалық бөліністерде репрезентативті болуы тиіс.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Бағаларды тіркеу үшін іріктеме";

17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"17. Елді мекен іріктемесіне қойылатын негізгі критерий елдің барлық өңірлерінің келістілігі болып табылады. Тұтыну бағаларының зерттеуіне астана, республикалық маңызы бар қалалар, облыстық маңызы бар қалалар (облыс орталықтары) және аудандық маңызы бар қалалардың іріктеме тобы кіреді.

Әр өңірде келесі өлшемшарттарға сәйкес жекелеген елді мекендер таңдалып алынады:

1) зерттеуге халықтың басым бөлігі тұратын және негізінен сауда желілері шоғырланған ірі елді мекендер кіреді;

2) бағаларды байқау үшін іріктелген елді мекендер өңірдің географиялық ерекшеліктерін көрсетіп, оның әртүрлі бөлігінде орналасады;

3) бір-біріне және облыс орталықтарына тікелей жақын орналасқан, егер осы елді мекендерде бағаның деңгейлері мен серпінінің принциптік ерекшеліктері болмаса олар іріктемеге қосылмайды;

4) байқауға іріктелген елді мекендер бағаны тіркеу үшін кіретін тұтыну нарығындағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тұрақтылығымен сипатталады.

Тұтыну нарығында сауда және ақылы қызмет көрсету саласы объектілерінің көптігімен, тауарлар мен көрсетілетін қызметтің кең ассортименті бар ірі қалаларда бағаны тіркеу байқауға іріктеліп алынған барлық тауарлар және көрсетілетін қызметтер бойынша жүргізіледі. Шағын елді мекендерде бағаны тіркеу күнделікті сұраныстағы маңызды тауарларға және көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлеріне жүргізіледі, себебі олардағы сауда және қызмет көрсету саласы объектілерінің жеткіліксіз саны толық көлемде деректер алуға және ұзақ уақыт аралығында баға өзгерісін қадағалауға мүмкіндік бермейді.

Мұндай тәсіл ТБИ-ді есептегенде аудан деңгейінің өкілділігін қамтамасыз етеді және тауарлардың тұрақсыз ұсынылған кезіндегі жеткіліксіз ақпаратты көптеген қоса есептеулердің қажеттілігіне байланысты өңір бойынша индекстің бұрмалануын азайтады.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Бағаларды тіркеу";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Тұтыну сегменті";

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Базалық объектілерді және тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) алмастыру";

7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Маусымдық тауарларды есепке алу";

8-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-тарау. Тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) сапасындағы өзгерістерді есепке алу";

9-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-тарау. Алғашқы деректердің сапасын және анықтығын қамтамасыз ету";

10-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-тарау. Индекстің салмақтары";

11-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"11-тарау. Баға индекстерін және орташа бағаларды есептеу";

12-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"12-тарау. Бағаның туынды индекстері";

13-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"13-тарау. ТБИ-да тұтыну қоржынын құрайтын баға өзгерісінің үлесі";

14-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"14-тарау. Ресми статистикалық ақпаратты тарату";

66-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"66. Халықаралық Валюта Қоры әзірлеген Деректерді таратудың арнайы халықаралық стандартына сәйкес ақпаратты шығарудың алдын ала белгіленген мерзіміне сәйкес ТБИ ай сайын жарияланады. Ақпарат баспасөз хабарламасы, жедел ақпарат түрінде барлық пайдаланушылар үшін Бюроның Интернет-ресурсында орналастыру арқылы бір мезгілде таралады. Топтар, кластар және тауардың (көрсетілетін қызметтердің) түрлері бойынша егжей-тегжейлі баға өзгерістері туралы ақпарат статистикалық бюллетендерде, жинақтарда жарияланады.

Пайдаланушыларға көмек ретінде баға индексінің жариялануы қысқаша әдіснамалық түсініктемелермен бірге беріледі.";

67-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"67. Қоғамның индекске деген сенімін қамтамасыз ету мақсатында бағаны тіркеу және есептеу рәсімдерін сипаттау буклеттер, кітапшалар және басқа да басылымдар түрінде жарияланады және Бюро сайтында қолжетімді."

2. "Коммуналдық қызметтердің жекелеген түрлеріне сараланған тарифтердің орташа өзгерісін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық

экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2016 жылғы 26 ақпандағы № 40 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13532 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" Заңының 12-бабы 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 17-тармағы 22) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Коммуналдық қызметтердің жекелеген түрлеріне сараланған тарифтердің орташа өзгерісін есептеу әдістемесінде:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әдістемені Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы тұтыну бағасының индексі (бұдан әрі - ТБИ) қалыптастыру кезінде оларды бұдан әрі пайдалану мақсатында электр энергиясы, орталықтан жылыту, суық және ыстық сумен қамтамасыз ету, кәріз қызметтеріне сараланған тарифтердің орташа өзгерістерін есептеу үшін қолданады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы Әдістемеді "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) айқындалған ұғымдар пайдаланылады.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Сараланған тарифтердің орташа өзгерісін есептеу".

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Табиғи монополия субъектілерінің реттелетін коммуналдық қызметтерін пайдаланатын тұтынушылар тобы бойынша тұтынылған қызметтер көлемі және адамдар саны жөніндегі бастапқы деректер мемлекеттік статистиканың аумақтық бөлімшелері ресми жазбаша сауал жолдау арқылы нақты кезеңге (жыл) алған ақпарат болып табылады.

Тұтынушылардың әрбір топтары бойынша сараланған тарифтердің жаңа деңгейі табиғи монополия саласындағы басшылықты жүзеге асыратын аумақтық мемлекеттік органдардың бұйрықтарымен расталады."

3. "Тұрғын үй нарығындағы бағалар индексі құру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2016 жылғы 26 ақпандағы № 41 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13558 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" Заңының 12-бабы 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 17-тармағы 22) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұрғын үй нарығындағы бағалар индексін құру әдістемесінде:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Әдістемені Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі - Бюро) және оның аумақтық бөлімшелері тұрғын үй бағаларына жалпымемлекеттік статистикалық байқау жүргізу және баға индекстерін құру кезінде қолданады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Осы Әдістемеді "Тұрғын үй қатынастары туралы", "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында айқындалған ұғымдар пайдаланылады.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Дереккөздер және тұрғын үйге баға индекстерін құрудың әдісі";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың материалдары негізінде тұрғын үй нарығындағы баға индекстерін құру";

13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"13. Жаңа тұрғын үйді сатудың, тұрғын үйді қайта сатудың және жалға берудің орташа бағаларын және баға индекстерін қалыптастыру үшін ақпарат дереккөзі жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың материалдары болып табылады.

Мемлекеттік статистиканың аумақтық бөлімшелерінің бағаларды жинауға жауапты, тиісті лауазымды адамдары тұрғын үйді сату және жалға беру бойынша операцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметкерлеріне тікелей сауал салуы арқылы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында немесе интернет-ресурстарда орналастырылатын хабарландырулардан бағаларды тіркейді.";

14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"14. Жаңа тұрғын үйге бағаны байқау үшін іріктеме өңірлердегі бастапқы тұрғын үй нарығында бар тұрғын үйдің түрлерінен қалыптастырылады. Астана мен республикалық маңызы бар қалаларды қоспағанда, барлық қалалардың бастапқы тұрғын үй нарығы көптігімен ерекшеленбейді, сондықтан іріктемеге барлық жаңа

тұрғын үйлер енгізіледі. Қалада коммерциялық құрылыс ұйымдары салған жаңа үйлер болмаған кезде іріктемеге мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде сатылатын тұрғын үйді енгізуге болады.

Тіркеуге:

1) әртүрлі әрлеумен (таза, бастапқы, бастапқы жақсартылған), кірпіш, моноклит немесе панельден жасалған қабырғасы бар, белгілі кластағы (3.02-43-2007 Тұрғын үй ғимараттар Қазақстан Республикасының Құрылыс нормалары мен ережелеріне (бұдан әрі – ҚР ҚНМЕ) сәйкес II, III, IV класы немесе эконом және бизнес-класы), жаңа көп қабатты (5 қабаттан кем емес) бір-, екі-, үш бөлмелі абаттандырылған пәтерлердің;

2) зерттелетін қаладағы тұрғын үй нарығында оларды сатудың едәуір үлесі бар болғанда жаңа бір пәтерлі үйлердің бағалары жатады.

Таза әрленген пәтерлер ретінде тұру үшін толық дайындалған пәтерлер болып табылады. Осындай пәтерлерге ішкі әрлеу (қаптайтын, сырлау, тұсқағаз жапсыру) жұмыстарының аяқталуы, таза еденді орналастыру, санитарлық-техникалық жабдықтары мен аспаптарының, тұрмыстық мақсаттардағы электр техникалық аспаптарының, асханадағы газ немесе электр плиталарының және пәтер ішіндегі есік блоктарының орнатылуы тән.

Бастапқы немесе жақсартылған бастапқы әрленген пәтерлер ретінде әрлеумен байланысты жұмыстарды өткізу қажеттілігі бар, тұру үшін дайындық дәрежелері әртүрлі пәтерлер болып табылады.

ҚР ҚНМЕ-ге сәйкес тұрғын ғимараттар бір адамға тұрғын алаңының мөлшері, еденнен төбенің астына дейін тұрғын жайдың биіктігі, тұрғын бөлмелердің саны, ас бөлмесінің ең төмен алаңы, үй мен пәтердің әрлеуінің сапасы сияқты және басқа да көрсеткіштеріне байланысты I, II, III және IV кластарға бөлінеді.

Баға байқауына II, III және IV кластағы пәтерлер енгізіледі.

I класс сипаттамалары зерттелетін қалалардағы тұрғын үй нарықтарында жеткілікті көрнекілігі жоқ тұрғын үйдің элиталық типіне сәйкес келеді. Байқауға I кластағы тұрғын үйді қосу іріктемеде бағалардың едәуір шашылуына әкелуі мүмкін.

ҚР ҚНМЕ-нің жіктелімімен қатар тұрғын үй нарығында эконом, бизнес, элиталық кластар бойынша тұрғын үйлерді бөлу кеңінен қолданылады. Жаңа тұрғын үйдің бағасын байқағанда, іріктемеге эконом және бизнес кластағы объектілер енгізіледі.

Пәтердің (үйдің) сипаттамаларын: орналасқан жері, үйдің сыртқы қабырға материалдары, бөлме саны, әрлеу, тұрғын үйдің жалпы алаңы және асхананың алаңы, үйдің қабаттылығы, пәтер орналасқан қабат, тұрғын үйдің класы, тұрғын үй кешенінің атауы (оның болуына байланысты) көрсете отырып сатудың бағасы тіркеледі.";

15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"15. Зерттелетін кезең бойы өзгермейтін, арнайы іріктеп алынған сипаттамаларымен (жалпы алаңы, орналасқан жері, бөлме саны, қабат, үйдің қабырғасының материалы, салынған жылы) абаттандырылған және абаттандырылмаған тұрғын үйлерді қайта сату

бағалары байқауға жатады. Пәтерлерді іріктеу кезінде олардың ең көрнекті түрлері есепке алынады.

Тұрғын үй іріктемесін қалыптастыру қағидаттары:

1) репрезентативтілік. Байқауға қосылған пәтер (үй) түрі тұрғын үй нарығының жалпы құрылымында жоғары үлес салмағын алады және ұсынылатын типтің баға серпінін көрсетеді;

2) өзектілік, тұрақтылық. Іріктелген пәтер (үй) түрі сұранысқа ие және нарықта ұзақ уақыт бойы тұрады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Абаттандырылған тұрғын үйлерді қайта сату бағаларын байқау үшін іріктемеге көп қабатты (5 қабаттан кем емес) кірпіш, моноклит немесе панель үйлердегі бір, екі, үш бөлмелі пәтерлер, абаттандырылмаған үйлерде – (су құбыры, кәріз, орталықтан жылыту, ыстық сумен қамтамасыз ету) коммуналдық жайлылықтардың ең болмағанда бір түрі жоқ бір пәтерлі (жеке) үйлер енгізіледі.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Әкімшілік дереккөздің деректері негізінде тұрғын үй нарығындағы баға индекстерін құру";

21-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"21. Қазақстан Республикасында тұрғын үйлерді қайта сату бағалары туралы әкімшілік деректер Бюроның Тұрғын үй қорының статистикалық тіркелімінен (бұдан әрі - ТҚСТ) қалыптастырылады. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің " Жылжымайтын мүлік тіркелімі" Мемлекеттік дерекқорынан (бұдан әрі – ЖМТ МД) мәліметтер ТҚСТ деректерін өзектілендіру көзі болып табылады.

ЖМТ МДҚ-нан интеграциялық өзара іс-қимыл арқылы алынатын мәліметтің негізінде облыстық және республикалық маңызы бар қалалар бойынша тұрғын үйге баға индексін құру жүзеге асырылады.

ТҚСТ келесі құрылымды қамтиды:

1) тұрғын үйдің орналасқан жері (мекенжайы);

2) тұрғын үйдің техникалық сипаттамалары (үйдің қабат саны, бөлме саны, жалпы және тұрғын алаңы, үйді пайдалануға берілген жыл, үйдің сыртқы қабырғасының материалы, тұрғын үйдің биіктігі);

3) абаттандырудың болуы (жылыту, электр, сумен жабдықтау, кәріз, газ);

4) үйдің немесе пәтердің түрі;

5) сатып алу-сату шарты бойынша мәміле сомасы;

6) мәміле күні.

Құрылымда көрсетілген 1), 2), 3), 4)-тармақшалар бұдан әрі оларды құрайтын атрибуттар бойынша нақтыланады.";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Салмақтау сызбасын қалыптастыру";

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Тұрғын үйге баға статистикасы көрсеткіштері";

28-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

29-тармақ алып тасталсын;

7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-тарау. Орташа бағалар мен баға индекстерін есептеу".

4. "Тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтер бағасын байқау бойынша әдістемені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 135 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15872 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік статистика туралы" Заңының 12-бабы 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 17-тармағы 22) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтер бағасын байқау бойынша әдістемеде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Әдістемені Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі - Бюро) және оның аумақтық бөлімшелері тұтыну тауарларының және көрсетілетін қызметтердің (бұдан әрі – тауарлар (көрсетілетін қызметтер) бағаларына жалпымемлекеттік статистикалық байқау жүргізу кезінде қолданады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Тауарлар (көрсетілетін қызметтер) жиынтығы (бұдан әрі – жиынтық) барлық өңірлер үшін орталықтандырылған түрде белгіленеді. Облыс орталықтары, республикалық маңызы бар қалалар және астана үшін бағаларды байқауға арналған жиынтық осы Әдістемеге 1-қосымшада, қалалар және аудан орталықтарының іріктемелі тобы үшін бағаларды байқауға арналған жиынтық осы Әдістемеге 2-қосымшада келтірілген.";

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Бағаны тіркеу:

1) ай сайын тұтыну бағасының индексін (бұдан әрі – ТБИ) есептеу үшін пайдаланылатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер) өкілінің барлық жиынтығы бойынша, есепті айдың 7 (жетісінен) бастап 25 (жиырма бесіне) дейінгі күндері.

Тұтыну нарығындағы бағалардың жоғары волатильділік кезеңінде өзгерістерге шалдыққыш тауарларға (көрсетілетін қызметтерге) бағаны (тарифтерді) бірнеше рет жинау;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы №145 қаулысымен бекітілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесі бойынша апта сайын (аптасына 1 рет).

Апта сайын өкіл тауарларға бағалық ақпарат ай сайынғы тіркеумен байланыстырылады және сол бір байқаудың базалық объектілерінде жүргізіледі.

Тіркеу мерзімдері сәйкес келген жағдайда онда апта сайынғы тіркеу барысында алынған базалық объектілер бойынша ақпарат ай сайынғы режимде жиналатын ақпараттық массивке қосылады.";

10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"10. Бағалық ақпаратты жинау келесі тәсілдермен жүзеге асырылады:

1) бағалық ақпаратты жинау базалық объектілерді аралау арқылы тауарды (көрсетілетін қызметтерді) өткізу орындарында тікелей жүргізу, бағалықта (жазба белгісінде) көрсетілген бағаларды (тарифтерді) белгілеу, орналастырылған бағатізбесі негізінде немесе ақылы қызметтер көрсететін адамдардың пікіртерімі жүргізіледі;

2) бағаларды тіркеу кезінде Интернет желісінде сұраулар нәтижесінде алынған деректер пайдаланылады (жолаушылар теміржол көлігі және әуе көлігі қызметтері, ұялы байланыс, медициналық көрсетілетін қызметтің жекелеген түрлері, тұрмыстық техника, дыбыс-бейне шолу жабдығы, ұялы телефондар және басқалары).

Қазақстан Темір жолы" bilet.railways.kz, Эйр Астана www.airastana.com, Скат www.scat.kz, Флай Арыстан flyarystan.com, Авиата www.aviata.com сайттарында жолаушылар көлігі қызметтеріне бағаларды, Sulpak.kz, Technodom.kz, Mechta.kz Интернет-дүкендерінде тауарларға бағаларды тіркеу кезінде салғастырымдылықты қамтамасыз ету үшін жеткізу құнынсыз бағалар (тарифтер) белгіленеді.

Ай сайын бағаларды тіркеу жолаушылар теміржол көлігі қызметтеріне 20 (жиырмамыншы) күнгі жағдай бойынша жүзеге асырылады. Егер есепті айдың 20 (жиырмамыншы) күні демалыс немесе мерекелік күнге түссе, онда жұмыс күндеріндегі баға тіркеледі. Демалыс немесе мерекелік күндегі билет құны күрт ауытқуларға ұшырайды және бұл күндері баға өзгерісін есепке алу салыстыруға келмейді;

3) ұсыну шарттары стандартты болып келетін баға деңгейі мезгілдің белгілі бір уақытында (мысалы, химиялық тазарту, киімдерді жуу, көліктерді жуу қызметтерінің бағалары) белгіленетін көрсетілетін қызметтердің кейбір түрлеріне бағалық ақпаратты телефон арқылы тіркейді. Бағалық ақпаратты телефон арқылы алған кезде олардың қызметкерлерімен жеке байланысты ұстау мақсатында және бағаны анықтау кезінде өкіл-тауарлар, көрсетілетін қызметтерді таңдау уақытында қателерді болдырмау,

сондай-ақ іріктелген өкіл-тауарлар, көрсетілетін қызметтер ерекшеліктерінің салғастырымдылығына көз жеткізу мақсатында мамандар базалық объектілерді мезгіл-мезгіл (тоқсанына бір рет) аралап шығады;

4) ұзақ уақыт кезеңінде бағаны (тарифті) белгілеу тән ұйымдарға (санаторийлер, медицина және білім беру мекемелері, салт және басқа да көрсетілетін қызметтер ұсынатын ұйымдар) көрсетілетін қызметтерге баға (тариф) туралы ақпаратты беру өтінішімен ресми хаттар жолданады. Бағалар (тарифтер) ұсынылған преЙскуранттар негізінде тіркеледі, бірақ деректердің анықтығын бақылау мақсатында алынған бағалық ақпаратты растау үшін мамандар тоқсанына бір реттен кем емес базалық объектілерді аралап шығады;

5) тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің тарифтері тиісті көрсетілетін қызмет түрлеріне ақы төлеу үшін халыққа берілетін төлем құжаттары (түбіртектер) негізінде тіркеледі. Тарифтер өзгерген жағдайда табиғи монополиялар саласында және реттелетін нарықта, осы қызметтің түрлерін көрсететін ұйымдарға басшылық жүргізетін мемлекеттік органдардың бұйрықтарымен олардың жаңа деңгейі расталады.

”;

1-қосымша осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымша осы тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика
министрлігі Статистика комитетінің өзгерістер
енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне

1-қосымша

Тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтер
бағасын байқау бойынша әдістемеге 1-қосымша

Облыс орталықтары, республикалық маңызы бар қалалар және астана үшін бағаларды байқауға арналған тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтер жиынтығы

Р / с № п/п	Атауы	Өлшем бірлігі
1	Тазартылған, жылтыратылған күріш	1 килограмм
2	Жоғары сұрыпты бидай ұны	1 килограмм
3	Ұнтақ жармасы	1 килограмм
4	Қаракұмық жармасы	1 килограмм
5	Сұлы жармасы	1 килограмм
6	Арпа жармасы	1 килограмм
7	Сөк	1 килограмм
8	Жүгері жармасы	1 килограмм
9	Жоғары сұрыпты ұннан пісірілген бидай наны	1 килограмм
10	Бірінші сұрыпты ұннан пісірілген бидай наны	1 килограмм
11	Қара бидай-бидай наны	1 килограмм

12	Кесілген батон	1 килограмм
13	Вермишель	1 килограмм
14	Кеспе	1 килограмм
15	Рожки	1 килограмм
16	Спагетти	1 килограмм
17	Тұшпара, манты, хинкали	1 килограмм
18	Варениктер	1 килограмм
19	Майқоспалы тәтті тоқаштар	1 килограмм
20	Пряниктер	1 килограмм
21	Қантты печенье	1 килограмм
22	Торттар	1 килограмм
23	Орамалар, кекстер	1 килограмм
24	Вафли	1 килограмм
25	Майда білезік нандар	1 килограмм
26	Қамыр	1 килограмм
27	Үгілмелі печенье	1 килограмм
28	Кептірілген нан	100 грамм
29	Дәнді дақылдардан үлпектер (құрғақ таңғы астар)	100 грамм
30	Балалар тағамына арналған ботқалар	1 килограмм
31	Сүйегі бар сиыр еті	1 килограмм
32	Сүйексіз сиыр еті	1 килограмм
33	Сүйегі бар жылқы еті	1 килограмм
34	Жая	1 килограмм
35	Қазы	1 килограмм
36	Сүйексіз шошқа еті	1 килограмм
37	Сүйегі бар шошқа еті	1 килограмм
38	Сүйегі бар қой еті	1 килограмм
39	Тауық	1 килограмм
40	Тауықтың сан еті	1 килограмм
41	Тауықтың жамбасы, сирағы	1 килограмм
42	Тауықтың төс еті	1 килограмм
43	Сиырдың бауыры	1 килограмм
44	Пісірілген шұжық	1 килограмм
45	Шала ысталған шұжық	1 килограмм
46	Сосискалар, сарделькалар	1 килограмм
47	Шикідей ысталған шұжық	1 килограмм
48	Тартылған ет	1 килограмм
49	Бұқтырылған ет консервілері	салмағы 350 грамм. 1 шарты банка
50	Ұсақ кесекті жартылай дайын ет өнімдері	1 килограмм
51	Ысталған ет өнімдері	1 килограмм
52	Жаңа ауланған немесе салқындатылған балық	1 килограмм

53	Мұздатылған балық	1 килограмм
54	Тазартылған мұздатылған асшаяндар	1 килограмм
55	Суық ысталған скумбрия	1 килограмм
56	Тұздалған жеңсік балығы	1 килограмм
57	Тұздалған майшабақ	1 килограмм
58	Қызыл уылдырық	1 килограмм
59	Майлы шпрот	240 грамм
60	Жеңсік балық консервілері	салмағы 350 грамм. 1 шарты банка
61	Ультрапастерленген, зарарсыздандырылған сүт	1 литр
62	Пастерленген сүт	1 литр
63	Кілегей	1 литр
64	Қант қосылған қоюландырылған сүт	салмағы 400 грамм. 1 шарты банка
65	Балаларға арналған құрғақ сүт қоспасы	1 килограмм
66	Қант қосылмаған концентратталған сүт	салмағы 400 грамм. 1 шарты банка
67	Йогурт	100 грамм
68	Қаймақ	1 килограмм
69	Кымыз	1 литр
70	Қатық	1 литр
71	Айран майлылығы 2,5%	1 литр
72	Сүзбе қоспасы, ірімшік	1 килограмм
73	Қатты ірімшік	1 килограмм
74	Балқытылған ірімшіктер	1 килограмм
75	Құрт	1 килограмм
76	Тұзды ірімшіктер	1 килограмм
77	Майлылығы 5-9% сүзбе	1 килограмм
78	Жұмыртқа, 1 санатты	10 дана
79	Тұздалмаған сары май	1 килограмм
80	Өсімдік-сары май (спред)	1 килограмм
81	Маргарин	1 килограмм
82	Күнбағыс майы	1 литр
83	Зәйтүн майы	1 литр
84	Алмалар	1 килограмм
85	Жүзім	1 килограмм
86	Банандар	1 килограмм
87	Апельсиндер	1 килограмм
88	Лимондар	1 килограмм
89	Алмұрттар	1 килограмм
90	Киви	1 килограмм
91	Компотқа арналған кептірілген жемістер	1 килограмм

92	Жаңғақтар (фундук, бадам, кешью, грек жаңғағы)	1 килограмм
93	Жержаңғақ (жер жаңғағы)	1 килограмм
94	Күнбағыс дәндері	1 килограмм
95	Құрма	1 килограмм
96	Кептірілген өрік	1 килограмм
97	Мейіз	1 килограмм
98	Консервіленген жемістер	1 килограмм
99	Мұздатылған жидектер	1 килограмм
100	Ақ қауданды қырыққабат	1 килограмм
101	Басты пияз	1 килограмм
102	Қызылша	1 килограмм
103	Сәбіз	1 килограмм
104	Қиярлар	1 килограмм
105	Қызанақтар	1 килограмм
106	Сарымсақ	1 килограмм
107	Тәтті бұрыш	1 килограмм
108	Түсті қырыққабат	1 килограмм
109	Картоп	1 килограмм
110	Бұршақ	1 килограмм
111	Үрме бұршақ	1 килограмм
112	Тұздалған және маринадталған қияр	1 килограмм
113	Табиғи, консервіленген, маринадталған көкөністер	1 килограмм
114	Консервіленген жасыл бұршақ	1 килограмм
115	Консервіленген жүгері	1 килограмм
116	Тұздалған және маринадталған саңырауқұлақтар	1 килограмм
117	Картоп чипсылары	100 грамм
118	Мұздатылған табиғи көкөністер	1 килограмм
119	Құмшекер	1 килограмм
120	Шакпақ қант	1 килограмм
121	Тосап, джем	1 килограмм
122	Бал	1 килограмм
123	Карамель	1 килограмм
124	Шоколадпен әйнекейленген кәмпиттер	1 килограмм
125	Шоколадпен әйнекейленбеген кәмпиттер	1 килограмм
126	Сағыз	қаптама
127	Зефир	1 килограмм
128	Шоколад	1 килограмм
129	Мармелад	1 килограмм
130	Халуа	1 килограмм
131	Балмұздақ	1 килограмм
132	Ұнтақталған қызыл бұрыш	1 килограмм
133	Ұнтақталған қара бұрыш	1 килограмм

134	Басқа да татымдықтар	1 килограмм
135	Майонез	1 килограмм
136	Ашытқы	1 килограмм
137	Дайын дәмдеуіштер мен тұздықтар	1 килограмм
138	Сірке суы, сірке су эссенциясы	1 литр
139	Қызанақ кетчубы	1 литр
140	Құрғақ сорпалар	100 грамм
141	Ас содасы	1 килограмм
142	Қызанақ пастасы	100 грамм
143	Тұз, экстрадан басқа	1 килограмм
144	Еритін кофе	1 килограмм
145	Дәнді, ұнтақталған кофе	1 килограмм
146	Қара байха шайы	1 килограмм
147	Көк шай	1 килограмм
148	Какао негізінде сусындар жасауға арналған жартылай дайын өнімдер	1 килограмм
149	Минералды су	1 литр
150	Ауыз суы	1 литр
151	Газдалмаған сусындар	1 литр
152	Газдалған сусындар	1 литр
153	Жеміс шырындары	1 литр
154	Көкөніс шырындары	1 литр
155	Арақ	1 литр
156	Маркалық, жекелеген коньяктар	1 литр
157	Асханалық жүзім шарабы	1 литр
158	Шампан, көпіршікті шарап	1 литр
159	Құрамында алкогольі бар сыра	1 литр
160	Фильтрлі шылымдар	1 қорап (20 дана)
161	Мақта маталары	1 кума метр
162	Ерлердің маусымдық пальтосы	1 бұйым
163	Ерлер күртесі (жеңіл күрте)	1 бұйым
164	Ерлердің қысқы күртесі (пуховик)	1 бұйым
165	Ерлердің екілік костюмі	1 бұйым
166	Ерлер джинсі	1 бұйым
167	Жүн, жартылай жүнді маталардан тігілген ерлер шалбары	1 бұйым
168	Ерлердің сыртқы жейдесі	1 бұйым
169	Ерлер жемпірі	1 бұйым
170	Ерлердің спорттық костюмі	1 бұйым
171	Ерлер ұйығы	1 жұп
172	Ерлер іш киімі	1 бұйым
173	Ерлер майкасы	1 бұйым
174	Ерлер футболкасы	1 бұйым

175	Әйелдердің маусымдық пальтосы	1 бұйым
176	Әйелдер күртесі (ветровка)	1 бұйым
177	Әйелдердің қысқы күртесі (пуховик)	1 бұйым
178	Әйелдердің екілік костюмі	1 бұйым
179	Белдемше	1 бұйым
180	Әйелдер джинсі	1 бұйым
181	Блузка	1 бұйым
182	Ұйықтағанда киетін жейде	1 бұйым
183	Әйелдер көйлегі	1 бұйым
184	Төсқап	1 бұйым
185	Әйелдер шалбары	1 бұйым
186	Үлбір тон	1 бұйым
187	Халаттар, үй киімі	1 бұйым
188	Әйелдер жемпірі	1 бұйым
189	Әйелдер колготкилері	1 бұйым
190	Әйелдер іш киімі	1 бұйым
191	Әйелдердің спорттық костюмі	1 бұйым
192	Әйелдер футболкасы	1 бұйым
193	Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған қыстық комбинезон (костюм)	1 бұйым
194	Мектеп жасындағы балаларға арналған қысқы күрте	1 бұйым
195	Мектеп жасындағы балаларға арналған маусымдық күрте	1 бұйым
196	Мектеп жасындағы балаларға арналған костюм	1 бұйым
197	Маталардың барлық түрінен тігілген қыздардың көйлегі	1 бұйым
198	Маталардың барлық түрінен тігілген қыздардың белдемшесі	1 бұйым
199	Балалар джинсі	1 бұйым
200	Ер балаларға арналған сырт жейде	1 бұйым
201	Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған костюм, жиынтық	1 бұйым
202	Балалар шалбары	1 бұйым
203	Қыздарға арналған жейде	1 бұйым
204	Балалардың спорттық костюмі	1 бұйым
205	Балалар жемпірі	1 бұйым
206	Балаларға арналған колготкилер	1 бұйым
207	Балалар іш киімі	1 бұйым
208	Балалар ұйығы, гольфтар	1 жұп
209	Балаларға арналған футболка	1 бұйым
210	Балаларға арналған пижама	1 бұйым
211	Нәрестелерге арналған жиынтық	1 комплект
212	Ползунки	1 бұйым
213	Сәбилерге арналған комбинезон	1 бұйым
214	Ерлердің қалпағы, кепкалары	1 бұйым
215	Әйелдер қалпағы, береттер	1 бұйым

216	Балалардың трикотаж қалпағы	1 бұйым
217	Ерлердің үлбір бас киімдері	1 бұйым
218	Әйелдердің үлбір бас киімдері	1 бұйым
219	Орамалдар, бөкебайлар	1 бұйым
220	Биялай	1 жұп
221	Белдік	1 бұйым
222	Киімдерді шақтау	1 қызмет
223	Ерлер костюмін химиялық тазалау	1 қызмет
224	Әйелдер пальтосын химиялық тазалау	1 қызмет
225	Ерлердің бәтеңкелері мен маусымдық қысқа қонышты бәтеңкелері	1 жұп
226	Ерлердің қысқы етіктері	1 жұп
227	Ерлер кроссовкасы	1 жұп
228	Ерлер сандалеттері, жазғы туфлиі	1 жұп
229	Ересектерге арналған үйде киетін аяккиім	1 жұп
230	Ерлер туфлиі	1 жұп
231	Әйелдердің қысқы аяккиімі, бәтеңкелері	1 жұп
232	Әйелдердің маусымдық етіктері, бәтеңкелері	1 жұп
233	Әйелдердің аласа өкшелі былғары туфлиі	1 жұп
234	Әйелдердің сәндік туфлиі	1 жұп
235	Әйелдердің былғары жеңіл аяккиімі	1 жұп
236	Әйелдер кроссовкасы	1 жұп
237	Балалардың қысқы бәтеңкелері мен қысқа қонышты бәтеңкелері	1 жұп
238	Балалар кроссовкасы	1 жұп
239	Қыздардың туфлиі	1 жұп
240	Балалардың сандалеттері, жалаңаяқ киетін аяқ киімі, жаздық туфлиі	1 жұп
241	Балалардың маусымдық бәтеңкелері мен қысқа қонышты бәтеңкелері	1 жұп
242	Ерлердің аяккиімін жөндеу (нәл ауыстыру)	1 қызмет
243	Әйелдердің аяккиімін жөндеу (нәл ауыстыру)	1 қызмет
244	Абаттандырылған тұрғын үйді жалға алу төлемі	1 шаршы метр
245	Құрғақ құрылыс қоспалары	25 килограмм
246	Винил тұсқағаздар	1 бума (10 метров)
247	Су эмульсиялы бояулар	1 килограмм
248	Қабырға кафельдері	1 шаршы метр
249	Ламинат	1 шаршы метр
250	Линолеум	1 шаршы метр
251	Цемент	50 килограмм
252	Раковинаға арналған араластырғыш	1 дана
253	Тұсқағаз жұмыстарын орындау	1 шаршы метр
254	Кафель төсеу	1 шаршы метр

255	Пластика терезелерін орнату	1 бұйым
256	Ламинат төсеу	1 шаршы метр
257	Сантехник қызметтері	1 қызмет
258	Электрик қызметтері	1 қызмет
259	Есік құлпын ауыстыру	1 қызмет
260	Домофон кілттерін жасау	1 қызмет
261	Суық су, 1 текше метр үшін	1 текше метр
262	Қоқыс шығару	айға 1 адамнан
263	Су бұру, 1 текше метр үшін	1 текше метр
264	Домофон	айға тариф
265	Тұрғын үйді күтіп ұстауға төлем	1 шаршы метр
266	Электр энергиясы	100 Киловатт-сағат.
267	Тарату желілері бойынша тасымалданатын газ	1 текше метр/ 1 килограмм
268	Сұйытылған газ (баллондағы)	1 баллон 50 литр
269	Тас көмір	1 тонна
270	Ағаш	1 текше метр
271	Орталықтан жылыту, 1 Гикакалорий үшін	1 гикакалорий
272	Ыстық су, 1 текше метр үшін	1 текше метр
273	Үстел	1 бұйым
274	Көйлектерге, киімдерге арналған шкаф	1 бұйым
275	Орындық	1 бұйым
276	Ұйықтайтын бөлмеге арналған жиһаздар жиынтығы	комплект, 5-6 зат
277	Диван-төсек	1 бұйым
278	Электр аспалы шамы	1 бұйым
279	Жуынатын бөлмеге арналған қабырғаға орнатылған айна	1 бұйым
280	Жібек, жүн қосылған түкті кілем	1 бұйым
281	Синтетикалық кілем (палас)	1 кума метр
282	Кілемді тазалау және жуу	1 шаршы метр
283	Жастық	1 бұйым
284	Төсек жаймалары жинтығы	комплект 3-4 зат
285	Сырмалы көрпе	1 бұйым
286	Тоқылған жүннен және жасанды маталардан жасалған пледтер	1 бұйым
287	Түкті сүлгі	1 бұйым
288	Тюль	1 кума метр
289	Перделер	1 кума метр
290	Дастархан	1 кума метр
291	Ролл-шторлар	1 шаршы метр
292	Тоңазытқыш, көлемі 290-350 литр	1 бұйым
293	Мұздатқыш	1 бұйым
294	Кір жуатын машина	1 бұйым
295	Шаңсорғыш	1 бұйым

296	Қысқа толқынды пеш	1 бұйым
297	Ас үй плитасы	1 бұйым
298	Электр жылытқыш	1 бұйым
299	Ауа баптағыш	1 бұйым
300	Үтік	1 бұйым
301	Электр шайнек	1 бұйым
302	Блендер	1 бұйым
303	Электр ет тартқыш	1 бұйым
304	Тоңазытқышты жөндеу (мотор компрессорды ауыстыру)	1 қызмет
305	Кір жуатын машинаны жөндеу (қыздыру элементін ауыстыру)	1 қызмет
306	Стақан	1 бұйым
307	Шыныаяқ табақшасымен шай ішетін кесе	1 жұп
308	Шайға арналған кеселер жинағы	жиынтық
309	Шағын тарелка	1 бұйым
310	Асхана пышағы	1 бұйым
311	Тот баспайтын болаттан асхана құралдарының жиынтығы	жиынтық
312	Тот баспайтын болаттан кастрюль	1 бұйым
313	Қазан	1 бұйым
314	Күюге қарсы жабыны бар табалар, диаметрі 28 сантиметр	1 бұйым
315	Пластмассадан жасалған шелек	1 бұйым
316	Ауыз суды тазартуға арналған сүзгі-кувшин	1 бұйым
317	Үтіктеу тақтайы	1 бұйым
318	Еденге қойылатын кір кептіргіш	1 бұйым
319	Электр бұрғы	1 бұйым
320	Электр шамы	1 дана
321	Батарейкалар	1 дана
322	Энергия үнемдеуші шам	1 дана
323	Балға	1 дана
324	Кір сабын	200 грамм
325	Кіржуғыш ұнтақ	500 грамм
326	Ағартқыштар	100 миллилитр
327	Ванналарды, раковиналарды тазалауға арналған құралдар	1 килограмм
328	Аяқкіімге арналған крем	100 грамм
329	Бдыс жууға арналған құралдар	250 миллилитр
330	Жинауға арналған майлықтар	1 дана тука
331	Флемоксин Солютаб, 500 миллиграмм	20 таблетка
332	Поливитаминдер Мульти-табс Классик	30 таблетка
333	Гипотиазид, 25 миллиграмм	20 таблетка
334	Парацетамол, 500 миллиграмм	10 таблетка
335	Йод ерітіндісі 5%, 10 миллилитр	10 миллилитр
336	Корвалол, 25 миллилитр	25 миллилитр

337	Ацетилсалицил қышқылы, 500 миллиграмм	10 таблетка
338	Йодомарин, 200 микрограмм	100 таблетка
339	Омес, 10 миллиграмм	30 капсула
340	Канефрон Н	60 таблетка
341	Жөтелге қарсы шәрбат Бронхикум-С, 100 миллилитр	100 миллилитр
342	Супрастин, 25 миллиграмм	10 таблетка
343	Ксимелин тамшылары 0,1%, 10 миллилитр	10 миллилитр
344	Ингавирин, 90 миллиграмм	7 капсула
345	Ацикловир, 200 миллиграмм	20 таблетка
346	Азитромицин, 500 миллиграмм	3 таблетка
347	Детримакс Витаминдер Д3, 50 микрограмм	60 капсула
348	Амброксол, 30 миллиграмм	20 таблетка
349	Нурофен 200 миллиграмм	12 таблетка
350	Ренни	24 таблетка
351	Но-шпа, 40 миллиграмм	100 таблетка
352	Белсендірілген көмір	10 таблетка
353	Эссенциале форте Н	30 капсула
354	Смекта, ұнтақ 3 грамм	10 пакет
355	Хилак форте, 30 миллилитр	30 миллилитр
356	Верошпирон, 100 миллиграмм	30 капсула
357	Энап, 5 миллиграмм	20 таблетка
358	Фенистил Нью тамшылары, 20 миллилитр	20 миллилитр
359	Этил спирті, 90%	50 миллилитр
360	Аквалор Форте спрей, 125 миллилитр	125 миллилитр
361	Шприцтер	1 дана
362	Стерильді таңғыштар, 5 метр *10 сантиметр	1 бұйым
363	Мақта	1 қаптама (100 грамм)
364	Медициналық электронды термометр	1 дана
365	Медициналық бетперде	1 дана
366	Көзілдірік	1 дана
367	Көру линзалары	1 жұп
368	Көру линзаларына арналған ерітінді	120 миллилитр
369	Қан қысымын өлшеуге арналған құралдар	1 дана
370	Амбулаториядағы дәрігер-маманның қызметі	1 бару
371	Дәрігерге алғашқы қаралу	1 бару
372	Жергілікті жансыздандыру арқылы тісті жұлу	1 емшара
373	Тісжегіні емдеу	1 емшара
374	Тіс шөгінділерін алу	1 емшара
375	Тіс протездеу	1 емшара
376	Құрсақ қуысын УДЗ-ға түсіру	1 емшара
377	Қанды жалпы талдау	1 талдау
378	Зәрді жалпы талдау	1 талдау

379	Рентген	1 тексерілу
380	Магниттік-резонанстық томография	1 тексерілу
381	Циклоскопия	1 тексерілу
382	Қосымша медициналық қызметкерлердің қызметі	1 емшара
383	Мойын-жағалық аумаққа массаж	1 емшара
384	Физиотерапиялық емдеу	1 емшара
385	Санаторийлер қызметтері	1 тәулік
386	Күндізгі стационарда емдеу	1 күн
387	Импорттық өндіріс жаңа жеңіл автомобильдері	1 дана
388	Отандық құрастырма жаңа жеңіл автомобильдер	1 дана
389	Импорттық өндіріс ұсталған жеңіл автомобильдері	1 дана
390	Электросамокат	1 дана
391	Ересектерге арналған велосипед	1 дана
392	Балалар велосипеді	1 дана
393	Жеңіл автомобильге арналған шиналар	1 дана
394	Жеңіл автомобильге арналған авто майсүзгіш	1 дана
395	Бензин АИ-98	1 литр
396	Бензин АИ-92	1 литр
397	Бензин АИ-95, АИ-96	1 литр
398	Дизель отыны	1 литр
399	Мотор майы	1 литр
400	Техникалық байқау	1 қызмет
401	Машиналарды жуу	1 қызмет
402	Шинамонтаж қызметтері	1 қызмет
403	Қала маңына қатынайтын пойызбен жол жүру	1 билет
404	Республикаішілік қатынастағы пойыздың плацкарт вагонымен жол жүру	1 билет
405	Республикаішілік қатынастағы пойыздың купе вагонымен жол жүру	1 билет
406	Қалалық автобуспен жол жүру	автобуспен бір жол жүру
407	Таксимен жол жүру	1 қызмет
408	Қалааралық автобуспен жол жүру	1 билет
409	Ұшақтың экономикалық класс салонында ұшу	1 билет
410	Жүктерді тасымалдау	1 сағат
411	Сәлемдемелер жіберу	1 қызмет
412	Курьерлік қызметтер	1 қызмет
413	Телефон аппараты	1 дана
414	Смартфон	1 дана
415	Телефон үшін абоненттік төлем	1 айға тариф
416	Интернет желісіне шығу үшін абоненттік төлем	1 айға тариф
417	Кабельдік телевизия қызметтері	1 айға тариф
418	Жер серігі телевизиясы қызметтері	1 айға тариф

419	Ұялы байланыс қызметтері	1 айға тариф
420	Теледидар, диагонали 43-49 дюйм	1 дана
421	Сымсыз құлаққаптар	1 дана
422	Фотоаппарат	1 дана
423	Ноутбук	1 дана
424	Планшет	1 дана
425	USB флэш-дискісі	1 дана
426	Теледидарды жөндеу	1 қызмет
427	Ұялы телефонды жөндеу	1 қызмет
428	Компьютерлерді, ноутбуктерді жөндеу	1 қызмет
429	Операциялық жүйені орнату/қайта орнату	1 қызмет
430	Домбыра, гитара	1 дана
431	Балалар конструкторы	1 дана
432	Жұмсақ ойыншықтар	1 дана
433	Үстел үсті ойындары	1 дана
434	Футбол добы	1 дана
435	Шана, тубинг	1 дана
436	Роликті конькилер	1 жұп
437	Раушан 70 сантиметр	1 дана
438	Үй жануарларына арналған азық	1 килограмм
439	Балалар аттракциондарының қызметтері	1 бару
440	Жаттығу залдарының қызметтері (абонемент)	1 ай
441	Бассейндер қызметтері (абонемент)	1 ай
442	Мектеп жасындағы балаларға арналған спорт секцияларындағы сабақтар	1 ай
443	Музыкаға оқыту сабақтары	1 ай
444	Фотосуреттерді басып шығару	1 дана
445	Фотографтардың қызметтері (құжатқа 4 түрлі-түсті фото)	1 қызмет
446	Кинотеатрлардың қызметтері	1 билет
447	Театрлардың қызметтері	1 билет
448	Салтанат өткізетін ұйымдастырушының қызметтері	1 қызмет
449	Шет тілінің сөздігі	1 дана
450	Оқушы дәптері	1 дана (12 бет)
451	Шарикті қалам	1 дана
452	Түрлі-түсті қарындаштардың жиыны	1 жинақ (12 дана)
453	Сурет салуға арналған альбом	1 альбом (12 бет)
454	А4 қағазы	500 парақтық қорап
455	Демалыс үйлері (республика ішінде)	1 күн
456	Түркиядағы демалыс	1 күн
457	Дубайдағы демалыс	1 күн
458	Мектепке дейінгі балалар мекемесінің қызметтері	айға
459	Балаларды дамыту орталықтарының қызметтері	айға

460	Жеке меншік білім беру ұйымдарының қызметтері	айға
461	Мектеп пәндері бойынша білім беру орталықтарының қызметтері	айға
462	Кәсіптік орта білім беру	жылға 1 оқушыға
463	Жоғары білім	жылға 1 оқушыға
464	Шет тілдерін оқыту курстары	айға 1 оқушыға
465	Кәсіптік оқыту курстары	айға
466	Кофеханадағы (кафе) кофе, шай	200 грамм
467	Мейрамханадағы түскі ас	1 тағам
468	Асханадағы түскі ас	1 тағам
469	Фаст-фуд	1 дана
470	Қонақ үйде тұру	1 тәулік
471	Әйелдердің шашын қию	1 қызмет
472	Ерлердің шашын қию	1 қызмет
473	Маникюр	1 қызмет
474	Педикюр	1 қызмет
475	Эпиляция	1 қызмет
476	Моншаға бару (жалпыға ортақ зал)	1 бару
477	Электр ұстара	1 дана
478	Электр фен	1 дана
479	Су сабын	200 миллилитр
480	Душқа арналған гель	250 миллилитр
481	Тіс пастасы	75 миллилитр
482	Иіс сабын	100 грамм
483	Балалар сабыны	100 грамм
484	Бетке арналған крем	100 миллилитр
485	Дезодорант	110 миллилитр
486	Қырынуға арналған станоктар	1 дана
487	Қырынуға арналған гель, көбік	200 миллилитр
488	Тіс щеткасы	1 дана
489	Дәретхана қағазы	1 дана
490	Шашқа арналған бояу	1 дана
491	Гигиеналық төсемелер	10 дана
492	Балалар жөргектері	10 дана
493	Қолға арналған крем	100 миллилитр
494	Қол сағат	1 дана
495	Алтын неке сақинасы	1 грамм
496	Әйелдер сөмкесі	1 дана
497	Оқушылардың ранеці, рюкзагы	1 дана
498	Шамадандар, жол сөмкелері	1 дана
499	Балалар арбасы	1 дана
500	Қол шатыр	1 бұйым
501	Автосактандыру	1 сақтандыру полисі

502	Туристерді медициналық сақтандыру	1 сақтандыру полисі
503	Карточкаларға қызмет көрсету бойынша қызметтер	1 қызмет
504	Төлемдер жүргізген үшін ақы	1 қызмет
505	Ақшалай қаражаттарды аудару	1 қызмет
506	Көму	1 қызмет
507	Нотариус қызметтері	1 қызмет
508	Құжаттарды көшіру	1 қызмет

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне

2-қосымша

Тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтер бағасын байқау бойынша әдістемеге 2-қосымша

Қала және аудан орталықтарының іріктелген тобы үшін бағаларды байқауға арналған тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтер жиынтығы

№ P/c	Атауы	Өлшем бірлігі
1	Тазартылған, жылтыратылған күріш	1 килограмм
2	Жоғары сұрыпты бидай ұны	1 килограмм
3	Ұнтақ жарма	1 килограмм
4	Қарақұмық жармасы	1 килограмм
5	Сұлы жармасы	1 килограмм
6	Арпа жармасы	1 килограмм
7	Сөк	1 килограмм
8	Бірінші сұрыпты ұннан пісірілген бидай наны	1 килограмм
9	Вермишель	1 килограмм
10	Кеспе	1 килограмм
11	Рожки	1 килограмм
12	Спагетти	1 килограмм
13	Пряниктер	1 килограмм
14	Қантты печенье	1 килограмм
15	Вафли	1 килограмм
16	Кептірілген нан	100 грамм
17	Сүйегі бар сиыр еті	1 килограмм
18	Сүйегі бар жылқы еті	1 килограмм
19	Сүйегі бар шошқа еті	1 килограмм
20	Сүйегі бар қой еті	1 килограмм
21	Тауық	1 килограмм
22	Пісірілген шұжық	1 килограмм
23	Шала ысталған шұжық	1 килограмм

24	Бұқтырылған ет консервілері	саламағы 350 грамм 1 шарты банка
25	Жаңа ауланған немесе салқындатылған балық	1 килограмм
26	Суық ысталған скумбрия	1 килограмм
27	Тұздалған майшабақ	1 килограмм
28	Майлы шпрот	240 грамм
29	Ультрапастерленген, зарарсыздандырылған сүт	1 литр
30	Қант қосылған қоюландырылған сүт	саламағы 400 грамм 1 шарты банка
31	Қаймақ	1 килограмм
32	Айран майлылығы 2,5%	1 литр
33	Қатты ірімшік	1 килограмм
34	Майлылығы 5-9% сүзбе	1 килограмм
35	Жұмыртқа, 1 санатты	10 дана
36	Тұздалмаған сары май	1 килограмм
37	Маргарин	1 килограмм
38	Күнбағыс майы	1 литр
39	Алмалар	1 килограмм
40	Күнбағыс дәндері	1 килограмм
41	Кептірілген өрік	1 килограмм
42	Ақ кауданды қырыққабат	1 килограмм
43	Басты пияз	1 килограмм
44	Қызылша	1 килограмм
45	Сәбіз	1 килограмм
46	Қиярлар	1 килограмм
47	Қызанақтар	1 килограмм
48	Картоп	1 килограмм
49	Бұршақ	1 килограмм
50	Құмшекер	1 килограмм
51	Карамель	1 килограмм
52	Шоколадпен әйнекейленген кәмпиттер	1 килограмм
53	Шоколадпен әйнекейленбеген кәмпиттер	1 килограмм
54	Сағыз	қаптама
55	Шоколад	1 килограмм
56	Ұнтақталған қызыл бұрыш	1 килограмм
57	Ұнтақталған қара бұрыш	1 килограмм
58	Майонез	1 килограмм
59	Ашытқы	1 килограмм
60	Қызанақ кетчубы	1 литр
61	Тұз, экстрадан басқа	1 килограмм
62	Еритін кофе	1 килограмм
63	Қара байха шайы	1 килограмм
64	Ауыз суы	1 литр
65	Газдалған сусындар	1 литр

66	Жеміс шырындары	1 литр
67	Арақ	1 литр
68	Құрамында алкогольі бар сыра	1 литр
69	Фильтрлі шылымдар	1 қорап (20 дана)
70	Сұйытылған газ (баллондағы)	50 литр 1 баллон
71	Тас көмір	1 тонна
72	Ағаш	1 текше метр
73	Кір сабын	200 грамм
74	Кіржуғыш ұнтақ	500 грамм
75	Ыдыс жууға арналған құрал	250 миллилитр
76	Электр шамы	1 дана
77	Батарейкалар	1 дана
78	Парацетамол, 500 миллиграмм	10 таблетка
79	Йод ерітіндісі 5%	10 миллилитр
80	Ацетилсалицил қышқылы, 500 миллиграмм	10 таблетка
81	Но-шпа, 40 мг	100 таблетка
82	Белсендірілген көмір	10 таблетка
83	Этил спирті, 90%	50 миллилитр
84	Шприцтер	1 дана
85	Бензин АИ-92	1 литр
86	Оқушы дәптері	1 дәптер (12 парақ)
87	Шарикті қалам	1 дана
88	Түрлі-түсті қарындаштардың жиынтығы	1 жинақ (12 дана)
89	Сурет салуға арналған альбом	1 альбом (12 парақ)
90	Су сабын	200 миллилитр
91	Тіс пастасы	75 миллилитр
92	Иіс сабын	100 грамм
93	Қырынуға арналған станоктар	1 дана
94	Дәретхана қағазы	1 дана
95	Шашқа арналған бояу	1 дана
96	Балалар жөргектері	10 дана

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне

3-қосымша

Тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтер бағасын байқау бойынша әдістемеге

5-қосымша

Айқын көрінетін маусымдық тауарлардың тізбесі

Р/с №	Атауы
-------	-------

1	Ерлердің қысқы күртесі (пуховик)
2	Үлбір тон
3	Әйелдердің қысқы күртесі (пуховик)
4	Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған қысқы комбинезон (костюм)
5	Мектеп жасындағы балаларға арналған қысқы күрте
6	Ерлердің үлбір бас киімдері
7	Әйелдердің үлбір бас киімдері
8	Ерлердің қысқы етіктері
9	Әйелдердің қысқы етіктері, бәтеңкелері
10	Балалардың қысқы етіктері, бәтеңкелері
11	Ерлердің маусымдық пальтосы
12	Ерлердің күртесі (ветровка)
13	Әйелдердің маусымдық пальтосы
14	Әйелдердің күртесі (ветровка)
15	Мектеп жасындағы балалардың маусымдық күртесі
16	Ерлердің бас киімдері, қалпақшалар
17	Әйелдердің бас киімдері, береттер
18	Орамалдар, шарфтар
19	Ерлердің маусымдық бәтеңкелері, қысқа қонышты бәтеңкелері
20	Әйелдердің маусымдық етіктері, бәтеңкелері
21	Балалардың маусымдық бәтеңкелері, қысқа қонышты бәтеңкелері
22	Нәрестелерге арналған комбинезон
23	Ерлер сандалеттері, жазғы туфлиі
24	Әйелдердің былғары жеңіл аяқ киімдері
25	Балалардың жазғы сандалеттері, жеңіл аяқ киімдері, туфлиі
26	Роликті коньки
27	Шаналар, тубинг
28	Электросамокат
29	Ересектерге арналған велосипед
30	Балаларға арналған велосипед
31	Таскөмір
32	Киви
33	Түсті қырыққабат